

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың қызметін үйлестіруге арналған жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 20 ақпандағы № 37-ө
Өкімі

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатында:

1. Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың қызметін үйлестіруге арналған жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) мынадай құрамда құрылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі,
жетекшінің орынбасары

Маңғыстау облысының әкімі, жетекшінің орынбасары
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,
хатшы

Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі
Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші
вице-министрі

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аға көмекшісі (келісім бойынша)
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарушы
директоры (келісім бойынша)

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

«ҚазМұнайГаз» барлау және өндіру» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (к е л і с і м б о й ы н ш а)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Өңірлік даму бөлімі
меңгерушісінің орынбасары.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

2. Жұмыс тобы Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған жоспарлар мен іс-шаралардың орындалу тиімділігіне талдау жүргізісін, қажет болғанда оларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысымен бекітілген Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1550 қаулысымен бекітілген Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы және басқа да елді мекендеріндегі жаппай тәртіпсіздік барысында туындаған салдарды жою және объектілерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды сапалы және уақтылы орындау жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың қызметін үйлестіруді жүзеге а с ы р с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жұмыс тобының жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Премьер-Министр

К. Мәсімов